

Жетістіктер қоржыны

2022-2023 оқу жылында «оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Балалар әлемі» жобасы шеңберінде Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңіне 2-9 сынып оқушыларынан 11 бала қатысып үш оқушы жүлделі орындады алды. Сисенов, Серікбай, III –орын Бөкенбай Бекарыс I –орын алып облысқа жолдама алды. Облыстан «Білімді оқырман» номинациясымен марапатталды.




Ойыл аудандық білім бөлімнің ұйымдастыруымен Халықаралық кітап және авторлық құқық күніне арналған «Оқуға құштар мектеп және READx» жобасы форматындағы байқауға мектебімізден екі оқушы қатысып II дәрежелі диплом мен Алғыс хатпен марапатталды.



«Ертегілер еліңе саяхат» облыстық сырттай байқауының аудандық кезіңінде «Үздік ертегіші» номинациясы бойынша 1- сынып оқушысы Қайыржанов Н. 2-сынып оқушысы Рза Ә жүлделі ІІІ – орынды иеленді.



2022-2023 оқу жылында жетістіктер қоржыным:



Тамыз айында Облыстық педогог қызметкерлерінің тамыз конференциясы аясында өткен «Тәрбие нәтижесіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін заманауи оқу форматын, әдістерін, жолдарын, тәсілдерін рухани -адамгершілік құндылықтарға негіздей отырып қалыптастыру тақырыбындағы панельдік сессия жұмысына «Кітапхана - оқуды дамытудағы көшбасшы» тақырыбында оқуға құштар мектеп жобасы аясындағы іс -тәжірибеммен бөлістім.

Сонымен қатар аудандық педогогикалық тамыз кеңесі аясында «Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жолдары» тақырыбындағы секциялық жұмысқа қатысып, іс -тәжірибеммен бөлісіп, аудандық Алғыс хатпен марапатталдым.



Білім беру саласын дамытудағы, «оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асырудағы қосқан үлесім үшін Ақтөбе облыстық білім басқармасының АЛҒЫС ХАТЫМЕН марапатталдым.

